



Мағжан Жұмабаев

**Мағжан Жұмабаев атындағы
№39 жалпы орта білім беретін мектебінің
2022-2026 оқу жылдарына арналған
перспективті даму
бағдарламасы**

Бағдарлама паспорты

Атауы	2022-2026 жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Баланың құқықтары туралы Заңы, "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы
Негізгі әзірлеуші	«Мағжан Жұмабаев атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
Мақсаттары	1.Жалпы орта білім беру деңгейінде білім алушылардың білім сапасын арттыру 2.Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойға сіңірген табысты тұлғаларды оқытып тәрбиелеу 3. «Шаруашылық жүргізу құқығы» шеңберінде мемлекеттің білім беру саясатын жүзеге асыру
Міндеттері	1-міндет. Орта білім беру сапасын арттыру: PISA 2-міндет. Мектептіі жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету 3-міндет. Қолжетімді және сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету
Күтілетін нәтижелер	1.PISA нәтижелері бойынша халықаралық зерттеулердегі қазақстандық оқушылар нәтижелерінің алшақтығын қысқарту: қала мектептері, өңірлер арасында PISA тестінің нәтижесі бойынша мектепте білім беру сапасын бағалау (ЭЫДҰ есебі) Математика бойынша, орташа балл: 2022 ж. – 423, 2023 ж. – 430, 2024 ж. – 430, 2025 ж. – 430, 2026 ж. – 480 б., Оқу бойынша, орташа балл: 2021 ж. – 387, 2022 ж. – 392, 2023 ж. – 392, 2024 ж. – 392, 2025 ж. – 450 б.,

	Жаратылыстану бойынша, орташа балл: 2021 ж. – 397, 2022 ж. – 402, 2023 ж. – 402, 2024 ж. – 402, 2025 ж. – 490 б. 2. Балаларды қосымша білім берумен қамту: 90% 3. Физика, химия, биология, STEM пәндік кабинеттерімен қамтамасыз етілген негізгі және орта мектептердің үлесі артады 4. Бейне бақылаумен қамтамасыз ету: 100 % 5. Базалық ауызсу көздерімен, ең аз жабдықталған бөлек дәретханалармен және қол жууға арналған базалық құралдармен қамтамасыз ету: 100 % 6. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту: 100 % 7. Мектепте шаруашылық жүргізу құқығына ие алқалы топтармен бірлесіп басқаратын, өзін-өзі қаржыландыратын бәсекеге қабілетті мектеп қалыптасады.
Іске асыру мерзімдері	2022 жылдың сәуірінен – 2026 жылдар

PAGE *
MERGEF
ORMAT

2

Кіріспе

Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру саясатын іске асыратын білім беру ұйымдарының бірі – Шымкент қаласы Білім Басқармасына қарасты «Мағжан Жұмабаев атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектептің» 2022-2026 жылдарға арналған перспективті даму бағдарламасы жасалынып отыр.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сай білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бай, функционалды сауатты, тұлғалы азаматтарды қалыптастыруда өз үлесін қосатын Бағдарламаның мазмұны, мақсаттары мен міндеттері, көлемі, болжамды іске асыру мерзімдері анықталған және уақыт талабына қарай өзгерістер енгізуге икемделген.

Мектеп жұмысының қазіргі жағдайы ұжымның қатысуымен SWOT талдау жасап, проблемалар мен басымдықтар анықталды. Анықталғандай шешімді, нақты іс-әрекеттерді қажет ететін мектеп саясатын: миссия, болжам,

құндылықтарды айқындау мақсатында «Үштік одақ» аталған, білім беру ұйымының негізін құрайтын үш құрамнан шығармашылық топтар (оқушы, түлек, мұғалім, ата-ана) құру қажеттілігі туындады.

Қазақстан Республикасы президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтің 2022 жылы 16 наурызда жариялаған «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында «Саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес. Бұл – анық нәрсе» дегеніндей еліміздің саяси-әлеуметтік дамуына, қоғамдық психологияға ықпал етерлік бірден бір күш – білім беру ұйымдарының білім беру саясатын қоғам сұранысына, мектеп педагогикалық ұжымының, білім алушылар мен олардың ата-аналарының ұсыныстарына орай жүзеге асыруға, білім алуға психологиялық жайлы, қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеттерді жоспарлауға өз үлесін қосатын Бағдарлама болмақ.

Бағдарлама мазмұны, ұжым мен шығармашылық топтар анықтаған проблемалар мен оған қатысты ұсынымдар – жүзеге асыруға бағытталған мектептің межеленген жылдардағы білім беру саясатын көздеген.

«Саяси жаңғырудың» (президент Жолдауынан 2022ж. 16 наурыз) қажеттілігі туындағанындай мектептің ұйымдастыру-құқықтық формасы **«Шаруашалық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны»** болып бекітілуі – бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін қайта қарап, мектеп даму бағдарламасының драфт-нұсқасын жасауға негіз болды.

Мектепті дамытудың мақсаттары мен міндеттері айқын, даму кезеңдерінің болжалды іске асыру әрекеттері нақтыланған, орындаушылары бекітілген. Әр кезеңдерде атқарылған жұмыстарды мониторингтеп келесі қадамдарға өңделіп, икемделген өзгерістермен қайта қаралып отыратын, мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалап отыру қарастырылған. Олар:

1. Кадрлық ресурстар
2. Материалдық-техникалық ресурстар
3. Ақпараттық ресурстар
4. Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар
5. Білім беру мазмұнын іске асыру
6. Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім беру сапасы

7. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары
8. Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары
9. Білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында оқушылардың ішкі уәжін оятуға арналған тың жобалар ұйымдастыру
10. Білім алушылар мен педагогтардың түрлі жобалық жұмыстармен қамту
11. Педагог қызметкерлердің шығармашылық тақырыптары бойынша авторлық жұмыстарды әзірлеуде тәжірибесін дамыту

Бағдарламаның мақсаты

1. Мектептің Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес мақсаттарға негізделген міндеттерді іске асыру
2. Педагогикалық ұжым, білім алушылар мен ата-аналардың сұранысына бағытталу және өзгерістерге бейімді болу
3. Жетістіктерді мониторингтеп, жаңа белестерді жоспарлап, табысты мектеп құру
4. Педагогикалық ұжымды оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық әдіс-тәсілдерін саралап, сабақты тиімді жоспарлау мен жүргізудің шеберлеріне айналдыру
5. Шаруашылық жүргізу құқығын тиімді де табысты қолдану және қаржылық сауаттылықты күшейту
6. Мектепті алқалы басқару: Қамқоршылық, Келісім, Педагогикалық Әдеп кеңестерінің, Кәсіптік Одақ пен Ата-аналар комитеттерінің белсенділігін арттыру
7. «Жаңа Қазақстанның» санасы жаңғырған, өмір сүруге бейім функционалды сауатты азаматтарын қалыптастыру
8. «Үштік одақ» жобасы бойынша қыздар, ұлдар, аналар, әкелер клубтары жұмыстарын ұйымдастыру барысында ынтымақтастық әлеуетін көтеру.
9. Педагогикалық шеберлік орталығы, «Өрлеу» біліктілік арттыру, ЖОО ғылымдарымен байланысты нығайту.

Бағдарламаның даму кезеңдері

Жылдар	Іс-шаралар	Орындаушылар
--------	------------	--------------

2022 жыл сәуір —желтоқсан аралығы	1.Шаруашылық жүргізіу құқығына байланысты мектеп шаруашылық қажеттіліктерін қаржылық қамтамасыз ету 2.Материалдық-техникалық базаны ішінара жаңарту 3.Білім алушыларды функционалдық сауаттылығын арттыру – PISA – халықаралық зерттеуіне (15 жасарбілім алушылар) және ББЖМ тестіне қатыстыру (4-9 сыныптар) 4.Оқу жылын аяқтаужәне педагог қызметкерлердің ҰБТ –ден өтуі 4.9-11 сыныптарды Қорытынды аттестаттау 5.Білім алушылардың жазғы сауықтыру лагері 6.11-сынып бітірушілерінің маусымдағы ҰБТ тапсыруы және нәтижесі 7.Арнайы (коррекциялық) сынып бөлмелерінің жабдықталуы және білім алушыларды психологиялық жағымды 8.Педагог қызметкерлерді жыл сайынғы еңбек демалысына жіберу 9.Жаңа үлгідегі дизайнерлік оқу бөлмелерін жабдықтау 10.Мемлекеттік рәміздер бұрышын жасау 12.М.Жұмабаев ескерткіш алаңын жөндеу және абаттандыру 13.Мектепті жаңа оқу жылына сапалы дайындау 14.Оқу-тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік , материалдық-техникалық базасын жетілдіру: оқу ресурстарымен қамтамасыз ету 15. Мектепті басқаруға алқалы топтарды қатыстыру және педагогтердің кәсіби желілік қауымдастығы жұмыстарын жаңғырту 16.Жаңа оқу жылына білім алушылар мен ата-аналарды, педагог қызметкерлерді бірлескен жұмысқа жұмылдыру	З.К.Рисбаева, Д.А.Жапаш А.Ж.Шарипбекова, Д.Д.Ералиев С.К.Момбекова, Т.С.Исабекова Ж.И.Мадиярова Т. С.Исабекова С.К.Момбекова, Т.А.Кузумбаева Т.С.Исабекова А.Ж.Шарипбекова, Д.Д.Ералиев Кадр бөлімі А.О.Нурсейтова А.Ж.Шарипбекова, Д.Д.Ералиев А.Ж.Шарипбекова, Д.Д.Ералиев
--------------------------------------	---	---

	17. Жаңа оқу жылының анықталған мақсат-міндетерін жоспарлау және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес құжаттандыру 18. І жартыжылдық білім сапасын және шаруашылық жүргізу құқығы жұмыстарын мониторингтеу	А.Ж.Шарипбекова, Д.Д.Ералиев. А.Ж.Шарипбекова, Д.Д.Ералиев Мектеп әкімшілігі Мектеп әкімшілігі Мектеп әкімшілігі
2023 жыл	1. Мектепте оқыту сапасы және жоспарлау үдерісі ұжым мүшелерінің қатысуымен жүйелі талқылау 2. Шаруашылық жүргізу құқығына орай қаржылай табыс көздерін ашу және қаржыны мақсатты жұмсау 2. Мектептің даму жоспарын іске асыруға мектеп Қамқоршылық кеңесін белсенді қатыстыру және жұмысын шынайылыққа бағыттау 3. Қосымша білім беру: вариативтік сағаттарды мақсатты бөлу; ақылы үйірмелер ашу; негізгі пәндер бойынша, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру курстарын ақылы негізде ұйымдастыру 4. Пәндік олимпиада, ғылыми жобалар, түрлі байқаулар мен конкурстар, Дебат және «Өзін –өзі басқару» жобаларының жұмысын жандандыру	Мектеп әкімшілігі Педұжым

	5.Арнайы (коррекциялық) сынып білім алушыларын психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту 6. «Оқуға құштар мектеп» жобасы: кітапхана бөлмесін талапқа сай жабдықтау және оқу залын жұмысын жолға қою 7.ЖОО, «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы, «Педагогикалық шеберлік орталығы»	
2024 жыл	1. Жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерін педагогикалық ұжыммен талқылау және бекіту. Білім сапасын жаңа сатыға көтеру: білім алушылардың қызығушылығын есепке алу, жүктеме мен қосымша білім беру сағаттарын білім алушыны көздеп тиімді бөлу 2.Білім алушылардың сыйымдылығын шешу: жанама оқу корпусын салдыру. Материалдық-техникалық базаны толықтыру: STEM, Робототехника кабинеттерін қою 3. Kundelik.kz мүмкіндіктерін толық қолдану: журнал, мәліметтер қоры, бұйрықтар, бүкіл материалдар 4.Педагогтерді инновациялық жетілдіру: өзара байланыс пен әдістемелік көмек көрсетуді жолға қою және курстардан өткізу 5.Білім беру мазмұнын және көшбасшылықты дамыту: «тұлға ғана тұлғаны қалыптастырады». PISA халықаралық зерттеуіне дайындауды бастауыштан қолға алу 6.Кәсіби бейінді бағдарлауды бастауыш сыныптан жүргізу: негізгі және жоғары сыныптарда қосымша білім беруді мақсатты бөлу	ЖАО, әкімшілік

	7. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша авторлық жұмыстар мен ғылыми жобамен жұмыстарды әзірлеуде тәжірибесінде дамыту. 8. Заманауи зертханалық оқу бөлмелерін (физика, химия, биология, математика, информатика) жинақтау. 9. Оқу жылының қорытындысын мониторингтеу: қайта жоспарлау.	
2025 жыл	1. Жаңа оқу жылының мақсат, міндеттерін анықтап, өзгерістермен толықтыра отырып жоспарлау: алқалы топтармен педагогикалық кеңесте бекіту 2. Жайлы, қауіпсіз білім беру ортасына айналған мектепті педагогикалық, әдістемелік және материалдық-техникалық жаңа өзгерістермен толықтырып отыру 3. Мемлекет қолдаған жаңа мүмкіндіктерді іске асыру: PISA тестінің балдық көрсеткішін көтеру. Білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды кешенді түрде жүргізу 4. STEM, Робототехника кабинеттерін PISA халықаралық зерттеуі тапсырмаларына үйренуге тиімді қолдану 5. 12- жылдық оқуға көшуге дайындық жүргізу: кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық ресурстары қалыптасқан дамып отыратын танымал мектепке айналу 6. Білім алушыларды оқулықтармен толық қамту.	ЖАО, Әкімшілік, Пед ұжым

	7. Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары. 8. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту.	
2026	1. Жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерін жоспарға ендіру 2. 12-жылдық білім беру мазмұнына көшуді жалғастыру 3. Салауатты өмір салтын ұстанған білім алушылардың қосымша білім алуын қадағалап отыру 4. PISA тестінің балдық көрсеткішін көтеру: жүйелі, кешенді, жоспарлы іс-әрекетті мониторингтеу және қайта жоспарлау 5. «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасының» нәтижелерін шығару. 6. Білім алушылардың ғылыми жобалық жұмыстарын дамыту 7. Жаратылыстану- математикалық, қоғамдық гуманитарлық пәндер бойынша олимпиада нәтижелерін жақсарту. 8. Мектепті даму жұмыстарына сыртқы ұйымдар мен жекелеген тәуелсіз тұлғаларды тарту. 9. Орта буын сыныптарыннан бастап жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндердә оқытуда үш тілділікке қол жеткізу. 10. Жылды қорытындылау: білім сапасын мониторингтеу және жаңа оқу жылын жоспарлау.	ЖАО, Әкімшілік, педагогтер

Бағдарлама мониторингі

Мектептің оқу-әдістемелік кеңесі әзірлейді және қадағалайды;

онда мониторинг нәтижелері, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, білім беру саясатының басым бағыттарындағы ықтимал өзгерістер негізінде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларға түзетулер енгізу көзделеді.

I. Мектеп қызметінің ағымдағы жағдайына қысқаша сипаттама

Мекеменің атауы (жарғы бойынша)	М.Жұмабаев атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектебі
Мекеменің үлгісі мен көрінісі	Жалпы орта білім беретін мектеп
Ұйымдастыру-құқықтық формасы (түрі)	Шаруашылық жүргізу құқығында
Ғимарат типі	Типтік мектеп
Оқыту тілі:	Қазақ тілі, орыс тілі
Құрылтайшы	Шымкент қаласының білім басқармасы
Құрылған жылы	1975 жылы 18 шілде
Занды мекен - жайы	Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, 16 мөлтек ауданы – 153 ғимарат
Телефон - факс	20 – 25 – 45,
Мекемені ақпараттандыру (жеке компьютерлердің саны, оның ішінде желідегі локальдық торылар)	Компьютер саны: 605 компьютер бар, оның ішінде интернетке қосылған: 605 дана, интерактивті панельді тақталар – 10
Жалпы аланы	78 78 га

PAGE *
MERGEF
ORMAT

2

Жоба бойынша қуаттылығы	1176 орын
Электронды мекен - жайы	school_39@mail.ru
Оқу бөлмелерінің саны (зертханамен қоса)	72
Сайттың мекен-жайы	
Асхана	120 орын
Спорт залы	2
Кітапхана	15 орындық
Мәжіліс залы	1
Спорт алаңы	2
Педагогтер	364
Жалпы контингент	2469
I ауысым	1292, 58 сынып
II ауысым	1177, 55 сынып
Басшының аты-жөні	Изетова Ханым Басқанқызы

II. Мектептің 2022-2026 жылдардағы білім беру жүйесінің жағдайына талдау. Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау

Кадрлық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Деңгейлік курста оқыған мұғалімдер: I деңгей-9 мұғалім II деңгей-3 мұғалім III деңгей -19 мұғалім Мұғалімдердің біліктілік санаты педагог шебер-3 Педагог зертеуші -46 Педагог сарапшы -36 Педагог модератор -70	Мектеп педагог қызметкерлерінің түрлі пәндік олимпиадаға білім алушыларды жоғары деңгейде дайындап қатыстырмауы: -білім алушылардың білім сапасының төмендігі жалпы оқушылармен арнайы сынып оқушыларының бірге алған көрсеткіші	-Қазіргі заманда өмір сүруге бағыттайтын функционалды сауатты жеке тұлға қалыптастыратын оқу үдерісін ұйымдастыру; -педагог қызметкерлерінің білімі мен дағдыларын кеңейтудегі қажеттіліктерін қанағаттандыру	-Мектептің білім беру сатыларындағы сабақтастықтың жоқтығы; -оқушылардың қашықтықтан оқу барысындағы білім сапасының төмендеуін қосымша білім беру арқылы жоғарлатпауы
Материалдық-техникалық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
а) Мектеп ғимараты 16 мөлтек ауданында, көп қабатты үйлердің арасында орналасқан. Жол қауіпсіздік талаптары бойынша мектепке ешқандай көше жакын орналаспаған.	а) Оқу бағдарламасына сәйкес, бөлініп оқытылатын пәндерге оқу бөлмелері жетіспейді. б) Мектеп ыстық сумен қамтылмаған.	а) Мектеп базасына заманауи үлгіде ашық және жабық стадиондар салып, жалға беру. б) Биология мен Еңбек сабағын байланыстыра отырып, ауланың топырағын тыңайтып	а) Өрт қауіпсіздігін алдын алу ә) Терроризм қауіпсіздігі б) Ескірген ағаштар

ә) Мектеп территориясы толығымен қоршаған. Жер учаскесі 2.78 78 га құрайды. Мектеп алаңында: Үлкен в) спорт алаңы, кіші спорт алаңы, баскетбол алаңы бар . АӘД пәні бойынша практикалық сабақтар жүргізу үшін оқу жаттығулар жасауға болады. б) Мектептің ішкі және сыртқы бөлігіне барлығы 50 дана видео камералар қойылған, оның 25 данасы ДВД-ға қосылған. в) Жаңартылған білім беру мақсатында модификациялық оқу кабинеттері химия, биология кабинеттері зертханасымен жұмыс істейді. г) Инженерлік жүйелер бойынша, мектеп толығымен жарық үнемдегіш лампалармен қамтылған. д) Күзет жұмысы жасалынып, күзетшілер 24 сағат жұмыс	в) Мектеп шатыры мен ғимарат сыртына жөндеу жұмысы қажет етіледі. г) Мұғалімдер бөлмесі, Өзін- өзі тану, Еңбек кабинеті, тігін шеберханалары, ағаш шеберханалары, Логопед бөлмелері жоқ. Сонымен қатар шаруашылыққа арналған орын жайлар жеткіліксіз: қосымша орын жайлар құрылысын салу	түрлі жемістер (қызанақ, қияр) өсіруге... в) қосымша үйірмелерді ендіріп мектептің оқу бөлмелерін жалға беруге...	в) Табиғи апаттар (жер сілкінісі, дауылдар, су тасқыны т.б)
---	---	---	--

істейді.			
Ақпараттық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
1.Мектеп ақпараттық ресурстар көзі – компьютерлер мен ноутбуктармен жақсы қамтамасыз етілген. 2.Кітапхана қоры-84141 Оқулықтар, әдеби кітаптар 3.Электронды кітапхананы дамыту және қолдану аясын кеңейту	1. Интернет жылдамдығының әлсіздігі (65мб/с) 2.Жаңа ақпараттық-коммуникациялық және объектілік-бағытталған технологиялар негізінде ақпараттық – оқыту қорларын, программалық құралдар жасақтау 3.Оқу – тәрбие процесінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану жөнінде кадрларды даярлау мен қайта дайындау 4.Білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қашықтан оқыту формасын енгізу 5.Білім беру процесінің барлық субъектілеріне білім беру ақпаратын алуға	1.Арнайы ақпараттандырылған оқу бөлмелерінің санын көбейтуге мүмкіндіктер беру	1. Интернет желісі арқылы келетін мектеп бағдарламасына қажет. жоқ ақпараттардың /қауіпті/таралуы

	мүмкіндік беретін инфрақұрылымды дамыту 6.Материалдық-техникалық база ескірген жаңарту		
Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Мұғалімдердің сапалық құрамының жоғарлығы. Деңгейлік курстан өткен педагогтардың қауымдастығының жұмысы. Шығармашылық топтың жұмысын күшейту	Мектепте оқыту сапасын толық қанды талқыламауы. Зерттеу жұмыстарының жүйелі түрде жүргізілмеуі.	Қазіргі заманда өмір сүруге бағыттайтын функционалды сауатты жеке тұлға қалыптастыратын оқу үдерісін ұйымдастыру.	Мектептің білім беру сатыларындағы сабақтастықтың жоқтығы.
Білім беру мазмұнын іске асыру			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Мектеп ұжымының ынтымақтастығы Оқушылардың бос уақытын	Қоғамдастықта біліктілікті арттыру тәсілін қайта қарау коучинтер мен	Педагогтардың білімімен жетістіктерін арттыруда ата-анамен мектептің қарым	Жаңа білімдер мен дағдыларды анықтау Танымдық сапарлар, зерттеу сабақтары және

тиімді пайдалану және ұйымдастыру.	семинарлар өткізу.	–қатынасын жақсарту	бірлескен ғылыми ізденістер сияқты қоғамдастықты тиімді дамыту мен зерттеу.
Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім беру сапасы			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Цифрланған ақпарат жүйесі жақсы жолға қойылған. Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру.	Ғылыми шығармашылық жұмыстармен айналысу.	Педагог қызметкерлердің білім мен дағдыларын кеңейтудегі қажеттіліктерін қанағаттандыру.	Сабакты зерттеу тәсілін педагогтардың жүйелі түрде жүзеге асырмау.
Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
1. Ұжымда психологиялық ахуалдың дұрыстығы, ынтымақтастықтың орнауы; 2. Қоғамдық ұйымдар және ата-аналармен қарым-қатынаста болуы; 1. Ұлттық тәрбие 2. Жалпыадамзаттық тәрбие 3. Бірін –бірі қолдау, көмектесу	1. Жасы үлкен мұғалімдер мен жас мұғалімдердің байланыстарының аздығы. 2. Кәсіби тұлғалық қасиеттері аз мұғалімдердің болуы. 3. Әр-түрлі ұлт өкілдерінің бір-біріне шынайы түсіністігінің жеткілікті деңгейде болмауы	1. Жас мұғалімдерді, тәжірибелі ересек мұғалімдердің қамқорлыққа алуы. 2. Әр мұғалім өз беделін унемі көтеруге жұмыс жүргізу. 3. Ұлтаралық достықты насихаттау іс –шараларын көбейту.	Ақпарат құралдары арқылы деструктивтік, жат ағымдағы діндердің әлеуметтік желілерде ашық жариялануының жасөспірімдер арасындағы құқық

4.Әріптесіне деген сенім			бұзушылықпен тосын жағдайлардың орын алуына әсері.
Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
1. Салауатты өмір салтын ұстану бойынша мектеп ішілік денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы түрлі кружоктар бар/ футбол, волейбол, гандбол, шахмат, спорттық би т.б. 2. Экологиялық орталық пен ДНМ жобасы мүшелігі	1. Әлеуметтік тұрмысты жақсарту, күйзелісті болдырмау 2.Бос уақытты тиімді пайдалану 3.Сапалы тамақтану, жеке бас гигиенасын сақтау 4. Мектепішілік арнайы спорттық құрал жабдықтармен толық қамтылмауы	1.Білім алушылар арасындағы әртүрлі топтарға салауатты өмір салтын насихаттау 2. Салауатты өмір сүру деңгейі – экономикалық категория. 3. Білім алушылардың материалдық және моральдық-рухани қажеттілігі толығымен қамтамасыз етілуі.	1.Тірі ағзаға тиер экологиялық фактордың әсері осы таңда айтпаса да көзге шыққан сүйелдей болып көрініп тұрғаны анық.

III. Мектептің миссиясы, мақсаттары мен міндеттері

Мектептің миссиясы:

- Білім беру ұйымының қоғамдық ортадағы беделін арттыру;
- Шебер, ынтымақты, сұранысқа ие педагогикалық ұжым құру;
- Өзіндік ерекше бет-келбетін, қалыптастыру;
- Өзін-өзі қаржыландырудың тиімді көздерін табу арқылы мұғалімдер мен білім алушыларды мотивациялап отыру
- Бәсекеге қабілетті мектеп құру;

- Жас мамандарға тәжірбие жинақтауға, озық тәжірбиені үйренуге мүмкіндік беру;
- Білім алушылардың жеке қызығушылығын ескере отырып жұмыс жасауға мүмкіндік беру;
- Мектеп әкімшілігі мен педагог қызметкерлер кәсіби қоғамдастықпен бірлесе жұмыс жасау.

Мектептің мақсаты:

- Білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік стандартын, нормативті құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Оқу мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту; Жас мамандарға, пән мұғалімдеріне, сараланған негізде ғылыми әдістемелік көмек көрсету;
- Барлық пәндер бойынша білім беру сапасын жақсарту, соның есебінен оқушылардың білім сапасын көтеру (директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының қадағалауы күшейту арқылы);
- 11 сынып оқушыларын ҰБТ (ұлттық бірыңғай тестілеуіне) дайындық жұмыстарын күшейту, бір жүйеге салу;
- Инклюзивті білім беру жұмыстарын дамыту, логопедиялық пункттің жұмыстарын жалғастыру;
- Мұғалімдердің біліктілігін көтеру (пән бойынша, жаңа технологиялар бойынша, ҚР заңнамалары бойынша) Эксперимент жұмыстарын жалғастыру, деңгейін көтеру.
- ИКТ көтеру, интерактивті тақтаны тиімді пайдалану.
- Дарынды оқушылармен жұмысты жақсарту.
- Мұғалімдермен оқушылар ғылыми жобамен айналысу.
- Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасау.
- Білім алушыларға барлық негізгі пәндер бойынша қосымша сабақтарды ұйымдастыру.
- Пәндік олимпиадаларға қатысатын оқушылармен түрлі жұмыстарды ұйымдастыру.
- Білім алушыларды көрмелерге апару.
- Оқушылардың жеке қызығушылығын ескере отырып жұмыс жасау.

Мектептің міндеттері:

1. Ерекше білім алатын оқушылардың дамуындағы құқығын қорғау
2. Арнайы сынып оқушыларының білім беру сапасын жақсарту

3. Арнайы сынып оқу процессін ұйымдастыру кезіндегі ерекше білім алушылардың жағдайын жасау (тиімді сабақ кестесін құру, тамақтану уақытын ескеру, денсаулықтағы ақаулықтардың алдын алу, дем алатын уақыттарын қарастыру, медициналық қызмет көрсету)
- 4.Түрлі қамқоршылық және демеушілік іс-шараларға қатыстыру
- 5.Арнайы сынып мұғалімдері және арнайы мамандардың біліктілігін арттыру
- 6.Үйірме жұмыстарын (қол өнер, би, спорт) ұйымдастыру, сапалы жүргізу
7. Ата-ана-мұғалім-оқушы байланысын нығайту
8. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту, оқушыларға психологиялық қолдау көрсету

III. Мектепті дамытудың басым бағыттары

1. Алқалы басқаруды күшейту – кеңесіп шешетін, мұғалім мен білім алушылар көшбасшылығына арқа сүйейтін басқару
2. Цифрландыру және АКТ құзыреттелігі жоғары мектеп болу
3. Шаруашылық жүргізу құқықығы негізінде қаржыландыру көздерін көбейту
4. Арнайы сыныптармен жұмыстың нәтижелігін арттыру
5. Сұранысқа ие ұжым қалыптастыру
6. Педагогтердің кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігін дамытуға қолайлы жағдай тудыру
7. Мектеп ғимаратын және мектеп ауласын әрлендіру, абаттандыру, материалдық-техникалық жаңарту
8. Білім алушыларды 100% оқулықтармен қамтамасыз ету.
9. Оқу бөлмелерін заманауи жабдықтау.
10. Ата-аналардың мектеппен және пән мұғалімдерімен байланысын нығайту.
11. Оқушылардың жеке қабілеттеріне байланысты жұмыс жасауға мүмкіндіктер беру.

IV. Бағдарламаны іске асыру тетіктері

- 1.Мектеп менеджментінің тиімді ұйымдастырылуы
- 2.Іс-әрекеттердің нақты жоспарлануы және жоспарлардың өзгертуге икемділігі
- 3.Тоқсандық кезеңдер бойынша жасалынған жұмыстарды мониторингтеу

- 4.Бағалау қорытындысынан кейін қайта жоспарлау
5. Озық тәжірибені тарату.
6. «Өрлеу» біліктілік артыру, ПШО, жетекші мектептермен ЖОО ғалымдарымен байланысты нығайту.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

- 1.Жайлы, қауіпсіз, заманауи сұранысқа ие мектепке айналады.
- 2.Табысты мектеп білім алушылары –жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бай, рухты, өмір сүруге бейім азаматтарды оқытып-тәрбиелеп шығарады.
3. «Жаңа Қазақстанның» ашық, алқалы басқару орныққан дамушы, өзгеріске бейім педагогикалық ұжымы қалыптасады.

Басшы _____(Т.А.Ә.(болған жағдайда))
(қолы)